



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі мен Халықаралық төлем жүйелері
Банкаралық комиссияларды төмендету жөніндегі келісімге қол қойды

2022 жыл, 3 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі мен Visa, Mastercard және UnionPay төлем карталарының халықаралық жүйелері төлем карталарын (интерчейндж мөлшерлемелерін) пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша **банкаралық ішкі ұлттық комиссия мөлшерлемелерінің** шекті мөлшерін **төмендету** бойынша бірлескен шаралар қабылдау мәселелері жөніндегі келісімге қол қойды.

Анықтама үшін: интерчейндж дегеніміз – сауда-сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсететін эквайер-банктер қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау кезінде төлем картасының эмитент-банкке төленетін эквайрингтік комиссияның бір бөлігі.

Келісімнің талаптарына сәйкес, Қазақстанда жұмыс істейтін Төлем карталарының халықаралық жүйелері интерчейндж мөлшерлемелерін бірден **2 есе** төмендетуге міндеттеледі.

Шекті мөлшерлемелер төмендеген кезде кезең-кезеңімен төмендету тәсілі қолданылады. Бірінші кезең **2024 жылы 1 қаңтарда**, ал екінші кезең – **2025 жылы 1 қаңтарда** басталады:

- **жаппай сегментте** (*Classic, Gold және басқалары*) бірінші кезеңде шекті мөлшерлемелер қазіргі мөлшерлемеден **(1,80%-2,0%-дан) 1,50%-ға дейін**, екінші кезеңде – **1,0%-ға дейін** төмендейді;

- **премиум сегментте** (*Platinum, World және басқалары*) бірінші кезеңде қазіргі мөлшерлемелерден **(шамамен 2,40%-дан) 1,80%-ға дейін**, екінші кезеңде – **1,20%-ға дейін** төмендету көзделеді;

- **супер премиум сегментте** (*Infinite, World elite, Diamond және басқалары*) бірінші кезеңде мөлшерлемелер қазіргі мөлшерлемеден **(шамамен 2,45%-дан) 2,0%-ға дейін**, екінші кезеңде – **1,40%-ға¹ дейін** төмендейді.

Қолма-қол ақшасыз карталық төлемдер бойынша банкаралық комиссиялардың төмендеуі төлем индустриясының одан әрі дамуына оң ықпал етеді және банк комиссияларын төлеуге бизнес субъектілерінің шығындарын қысқартады. Бұл тәсіл қолма-қол ақшасыз төлемдерді одан әрі дамытып, **«көлеңкелі экономиканың» азаюына** оң әсерін тигізеді.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ Интернетте сатып алу операциялары бойынша аталған мөлшерлемелер және қосымша 0,1% қолданылады.